

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 908-925, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTH / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_908-625

TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA

Samat Samashev¹, Oraz Sapashev², Shynarbyek Syeitkhan^{3}*

¹“Berel” State Historical and Cultural Museum-Reserve
(Katon-Karagay district, East Kazakhstan region, 070908, Republic of Kazakhstan),
PhD, Leading Researcher
 <https://orcid.org/0000-0003-3450-3629>, E-mail: ssamashev@gmail.com

²Istanbul University
(Balabanağa Mah. Ordu Cad. No: 6, 34134Fatih/İstanbul, Türkiye),
Candidate of Philological Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0001-7143-9123>, E-mail: sapashevo@gmail.com

³Ch. Ch Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010 Kazakhstan)
“Berel” State Historical and Cultural Museum-Reserve
(Katon-Karagay district, East Kazakhstan region, 070908, Republic of Kazakhstan),
PhD, Research Fellow
 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>, E-mail: shynarbek20@gmail.com
*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Samashev S., Sapashev O., Syeitkhan Sh., 2026

Abstract. Introduction. This article examines the tamgas of Kazakhs in Mongolia as a historically established sign system associated with pastoralism, social organization, and the regulation of property relations. It demonstrates that Mongolia, within the transboundary Altai region, represents one of the key areas where the Kazakh tamga tradition has been preserved. Particular attention is given to the distinction between tamga as a relatively stable clan mark and en as a more flexible means of individual animal differentiation. *Goals and objectives.* The goal of the study is to analyze tamga signs as an integrated system reflecting historical continuity, economic practices, and cultural specificity. The objectives include examining the historical context, reviewing relevant scholarship, identifying principal marking techniques, and defining the functional and semantic characteristics of tamga and en. The study is based on materials recorded in Bayan-Ulgii aimag, including data from the 2006–2008 Kazakh–Mongolian expedition, field observations, photographic and graphic documentation, and interviews with local residents. Descriptive, comparative-typological, structural, and historical-comparative methods are employed. *Results.* The tamga system of Kazakhs in Mongolia represents a multi-level practice combining stable tamgas and variable en marks. Techniques vary depending on animal species, while modern forms integrate archaic and newer elements, demonstrating the system’s adaptability. Tamgas perform both economic and socio-identificational functions. *Conclusion.* Tamga signs of Kazakhs in Mongolia constitute not only

practical tools for distinguishing livestock but also a culturally significant phenomenon reflecting property relations, social ties, and historical memory. Their study confirms the continuity and adaptive development of symbolic traditions in the nomadic societies of Central Asia.

Keywords: tamga, en, sign system, Altai Kazakhs, livestock marking, ethno-cultural continuity

Acknowledgments. The publication was carried out within the framework of granted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026, project IRN AP23486716.

For citation: Samashev S., Sapashev O., Syeitkhan Sh., Tamgas of The Kazakhs of Mongolia// Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 908–925. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_908–925

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ

Самат Қайроллаұлы Самашев¹, Ораз Сапашұлы Сапашев², Шынарбек Сейітханұлы^{3}*

¹ «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

(Катонқарағай ауданы, 070908 Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы.),

PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0003-3450-3629>. E-mail: ssamashev@gmail.com

² Ыстанбұл университеті

(6 Орду дағ, Балабанаға ауданы, Ыстамбұл/Фатих, 34134 Түркия),

филология ғылымдарының кандидаты, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-7143-9123>. E-mail: sapashevo@gmail.com

³ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

(Катонқарағай ауданы, 070908 Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы),

 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: shynarbek20@gmail.com

* Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Моңғолиядағы қазақтардың таңбалары көшпелі мал шаруашылығы, әлеуметтік ұйым және меншік қатынастарын бекіту үдерістерімен байланысты тарихи қалыптасқан белгілер жүйесі ретінде қарастырылады. Трансшекаралық Алтай кеңістігінде Моңғолия қазақтары таңба дәстүрін барынша сақтаған негізгі өңірлердің бірі екені айқындалады. Сонымен қатар таңба – руға тиесілі тұрақты белгі, ал ен – малды бір-бірінен ажыратуға икемді тәсіл екеніне назар аударылады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – таңбаларды тарихи сабақтастықты, шаруашылық дәстүр тәжірибесін және мәдени ерекшеліктерді бейнелейтін біртұтас жүйесі ретінде талдау. Міндеттері: тарихи-этникалық мәнмәтінді зерделеу, ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отыра, малға таңба басудың негізгі тәсілдерін анықтау, сондай-ақ таңба мен еннің функционалдық және семантикалық сипаттарын нақтылау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу Баян-Өлгей аймағында тіркелген деректерге негізделеді: 2006–2008 жж. қазақ-моңғол экспедициясының материалдары, далалық бақылаулар, фото және графикалық тіркеулер, жергілікті тұрғындармен жүргізілген сұхбаттар. Зерттеу методологиясы ретінде сипаттамалық, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Моңғолия қазақтарының таңба қолдану жүйесінде тұрақты таңбалар мен өзгермелі ендерді ұштастыратын көпдеңгейлі тәжірибе жатқаны анықталды. Таңбалау тәсілдері түлік түрлеріне қарай ерекшеленеді, ал қазіргі үлгілерде көне және жаңа

элементтердің қатар қолданылу жүйесінің трансформациялануға ыңғайлы екенін көрсетеді. Таңбалар шаруашылықпен қатар әлеуметтік-идентификациялық қызмет атқарады. *Қорытынды.* Моңғолия қазақтарының таңбалары тек малды ажырату құралы емес, сонымен бірге меншік, туыстық байланыс және тарихи жадыны білдіретін маңызды мәдени жүйе болып саналады. Бұл жүйе Орталық Азия көшпелілерінің қадым заманнан жалғасып келе жатқан көне таңбалық дәстүрлерімен сабақтастығын үзбей, күні бүгінге дейін дамып келеді.

Түйін сөздер: таңба, ен, таңба жүйесі, Алтай қазақтары, мал таңбалау, этномәдени сабақтастық

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жж. гранттық қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН АР23486716 жобасы аясында орындалды.

Дәйексөз үшін: Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш., Моңғолия қазақтарының ен-таңбалары// Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 908–925 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_908–925

ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ

Самат Кайроллаевич Самашев¹, Ораз Сапашевич Сапашев², Шынарбек Сейтхан^{3}*

¹Государственный историко-культурный музей-заповедник «Берел»
(Катон-Карагайский р-н, Восточно-Казахстанская обл., 070908, Республика Казахстан)
PhD, ведущий научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0003-3450-3629>, E-mail: ssamashev@gmail.com

²Стамбульский университет
(6 пр. Орду 34134, Стамбул/Фатих, район Балабанага, Турция)
кандидат филологических наук, профессор
 <https://orcid.org/0000-0001-7143-9123>, E-mail: sapashevo@gmail.com

³Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
(28, ул. Шевченко, Алматы, 050010, Казахстан)
Государственный историко-культурный музей-заповедник «Берел»
(Катон-Карагайский р-н, 070908 Восточно-Казахстанская обл. Казахстан)
PhD, научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>, E-mail: shynarbek20@gmail.com

* Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейтхан Ш., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются тамги казахов Монголии как исторически сложившаяся знаковая система, связанная с кочевым скотоводством, социальной организацией и закреплением имущественных прав. Показано, что Монголия в рамках трансграничного Алтайского региона является одним из ключевых ареалов сохранения казахской традиции тамгопользования. Особое внимание уделено различию между тамгой как относительно устойчивым родовым знаком и ен как более гибким способом индивидуального различения животных. *Цель и задачи.* Целью исследования является анализ тамговых знаков как целостной системы, отражающей историческую преемственность, хозяйственные практики и культурную специфику. В задачи входит рассмотрение исторического контекста, обзор научной литературы, выявление основных способов клеймения, а также определение функциональных и семантических характеристик тамги и ен. Источниковую базу составляют материалы, зафиксированные в Баян-Улгийском аймаке, включая данные экспедиции 2006–2008 гг., полевые наблюдения, фото- и графическую фиксацию, а также интервью с местными жителями. Используются описательный, сравнительно-типологический,

структурный и историко-сравнительный методы. *Результаты.* Система тамгопользования казахов Монголии представляет собой многоуровневую практику нанесения отличительных знаков, сочетающую устойчивые тамги и вариативные ены. Приёмы различаются в зависимости от вида животных, при этом современные формы объединяют архаичные и новые элементы, что свидетельствует об адаптивности системы. Тамги выполняют как хозяйственные, так и социально-идентификационные функции. *Заключение.* Тамговые знаки казахов Монголии являются не только практическим инструментом различения животных, но и значимым элементом традиционной культуры, отражающим имущественные отношения, социальные связи и историческую память. Их анализ подтверждает преемственность и адаптивность знаковых традиций в кочевых обществах Центральной Азии.

Ключевые слова: тамга, ен, знаковая система, казахи Алтая, таврирование домашних животных, этнокультурная преемственность

Благодарность: Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК 2024–2026, ИРН проекта AP23486716.

Для цитирования: Самашев С. К., Сапашев О. С., Сейтхан Ш., Тамги и ен казахов Монголии // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 908–925. (На каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_3_908–925

Кіріспе

Алтай – Еуразия кеңістігіндегі ежелгі мәдени-тарихи өңір. Ол қазақ халқының қалыптасу үдерісінде және оның тарихи қоныстану кеңістігін айқындауда маңызды рөл атқарады. Ғылыми әдебиетте орныққан «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» тұжырымы бұл кеңістіктің тек географиялық емес, сонымен қатар өркениеттік маңызын айқындайды. Қазіргі ғылыми түсінікте «Алтай өңірі» ұғымы Қазақстанның Шығысын, Қытайдың Шыңжаң өңіріндегі Алтай аймағын, Ресейдің Алтай өлкесіне қарасты шекаралық аумақтарды және Моңғолияның Қобда мен Баян-Өлгей аймақтарын қамтитын трансшекаралық макроаймақ ретінде қарастырылады.

Ашық дереккөздерге сәйкес Алтай қазақтары қоныстануының статистикасы мынадай: Ресейде Қосағаш ауданы бойынша – 53, 37%, Моңғолияда – 90%-ға жуық, оның ішінде Баян-Өлгейде – 77%, Қобдада – 11, 2%, Қытайда – 52, 76%, ал Шығыс Қазақстан облысында – 50, 96% (Итоги Всероссийской переписи, 2020; Монгол улсын статистик, 2024; Shen et al., 2024; Численность населения, 2025). Яғни Алтай қазақтарының басым бөлігі Моңғолия аумағында қоныс тепкен.

Моңғолия қазақтарының тағы бір ерекшелігі – Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамына тән дәстүрлі мал шаруашылығының негізгі элементтерін сақтап келуінде. Шаруашылықтың бұл түрі тек тіршілік ету құралы ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік ұйымдасуды, мәдени тәжірибелерді және этнографиялық дәстүрлерді сақтаудың негізгі тетігі болып табылады. Нәтижесінде қазақтың салт-дәстүрі, соның ішінде малға таңба басу, ен салу тәрізді шаруашылық-мәдени тәжірибелер күні бүгінге дейін табиғи ортада сақталып, қолданыс аясынан шықпаған.

Көшпелі мал шаруашылығына негізделген мәдени-тұрмыстық ортада таңбаның функциясы айқын – ол меншіктің белгісі. Таңба – руға немесе әулетке тиесілі тұрақты әрі негізгі белгі болса, ал ен – малды ажыратуға арналған икемді және вариативті белгі. Бұл екі элемент өзара байланыса отырып, көпқабатты әрі функционалды белгілер жүйесін құрайды.

Осы қырынан алғанда Моңғолия қазақтарының таңба және ен қолдану дәстүрін шаруашылық қажеттіліктен туған тәжірибе ретінде ғана емес, Алтай қазақтарының тарихи жадын, әлеуметтік құрылымын және этномәдени бірегейлігін айқындайтын маңызды мәдени құндылық ретінде қарастыруға негіз бар. Сол себепті бұл зерттеу Моңғолия қазақтары арасында сақталған белгілер жүйесінің ерекшеліктерін, оның құрылымдық және қызметтік қырларын талдауға арналған. Мұндай тәсіл таңба мен енді тек тұрмыстық тәжірибедегі белгі салу құралы ретінде ғана емес, тарихи қалыптасқан және қазірге дейін өміршендігін сақтап отырған күрделі белгілер жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандық геосаяси үдерістер, соның ішінде мемлекеттердің ішкі саясатына сәйкес тұрғындарды саяси-экономикалық тұрғыдан қайта бейімдеу жағдайлары, сондай-ақ ғылыми-техникалық жетістіктер (мысалы, электронды микрочиптердің көмегімен спутниктік бақылау технологиялары) Алтай кеңістігіндегі қазақтардың әлеуметтік-мәдени жағдайына ықпал етіп, таңба дәстүрінің мазмұны мен қызметіне өзгерістер енгізуде. Осындай үрдістер барысында Моңғолия қазақтарының таңба-белгілерінің кешенді әрі пәнаралық бағытта зерттелуі ғылыми тұрғыдан маңызды екенін айқындай түседі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің дереккөздер қорын Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында тіркелген малға салынатын ен-таңбаларға қатысты материалдар құрайды. Негізгі эмпирикалық деректер 2006–2008 жж. жүргізілген қазақ-моңғол тарихи-мәдени экспедициясы барысында жинақталған материалдармен қатар, қазіргі уақытта сақталған таңба үлгілерін далалық бақылау, фотофиксация және графикалық тіркеу нәтижелерімен толықтырылды.

Зерттеу барысында деректерді жинау бірнеше деңгейде жүзеге асырылды: біріншіден, малға салынған таңбалардың нақты үлгілері тіркеліп, олардың орналасу орны, орындалу тәсілі және морфологиялық ерекшеліктері құжатталды; екіншіден, жергілікті тұрғындармен жүргізілген сұхбаттар арқылы таңбалардың атаулары, қолданылу контексті және семантикалық мазмұны анықталды; үшіншіден, әртүрлі рулар мен отбасыларға тән таңбалар өзара салыстырылып, олардың вариативтілігі мен қайталану ерекшеліктері қарастырылды.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу кешенді сипатта жүргізілді. Негізгі әдістер қатарына сипаттамалық, салыстырмалы-типологиялық және құрылымдық талдау әдістері енгізілді. Сипаттамалық әдіс арқылы таңбалардың формалық белгілері мен қолданылу ерекшеліктері жүйеленсе, салыстырмалы-типологиялық әдіс олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, сондай-ақ көне рулық таңбалармен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік берді. Құрылымдық талдау таңба мен еннің біртұтас белгілік жүйе ретіндегі ұйымдасу принциптерін айқындауға бағытталды.

Сонымен қатар зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, қазіргі қолданыстағы таңбалар этнографиялық және тарихи деректермен, соның ішінде Х. Пэрлээ, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров және басқа да зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтермен салыстырылды. Бұл тәсіл таңбалардың тарихи сабақтастығын, эволюциялық өзгерістерін және аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында алынған деректер жүйеленіп, типологиялық топтарға бөлінді. Таңбалардың формалық, функционалдық және семантикалық белгілеріне негізделген жіктеу олардың ішкі құрылымын және даму динамикасын анықтауға жағдай жасады.

Талқылау

Анықталған дереккөздерді талдау Моңғолия қазақтарының таңбаларын жекелеген жергілікті құбылыс ретінде емес, Орталық Азия көшпелі қоғамдарына тән кең ауқымды белгілер жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе тарихи жағынан біртұтас далалық кеңістікте қалыптасып, соның шеңберінде қызмет атқарған.

Осы тұрғыдан алғанда, ертеректе жазылған жалпылама зерттеулердің маңызы ерекше. Орталық Азия кеңістігіндегі таңбаларды зерттеуге арналған іргелі еңбектердің бірі – Х. Пэрлээнің 1975 ж. Моңғол Халық Республикасының Ғылым академиясы, Тарих институтында жарық көрген «Моңғол халқының этногенезін таңбалық деректер негізінде зерттеу» атты монографиясы (Пэрлээ, 1975). Автор археологиялық, этнографиялық, архивтік және ауызша деректерге сүйене отырып, таңбаларды этногенез үдерістерін және көшпелі қоғамдардың әлеуметтік құрылымын қалпына келтірудегі маңызды дерек көзі ретінде қарастырады.

Еңбекте қазақтарға арналған арнайы бөлім болмаса да, олар жүйелі түрде салыстырмалы-типологиялық қатарға енгізіліп, қазақ таңбалары қырғыз, татар, башқұрт, ноғай, түркімен және өзге де халықтардың белгілерімен қатар қарастырылады. Бұл өз

кезегінде таңбалар жүйесінің біртұтас далалық ареал шеңберінде қызмет еткенін және олардың графикалық құрылымдары мен функцияларының ортақтығын айқындайды.

Х. Пэрлээ салыстырмалы талдау арқылы таңбалардың тек сыртқы ұқсастығын ғана емес, олардың нақты этникалық және рулық қауымдарға тиесілігін анықтауға, сондай-ақ шығу тегі мен құрылымын қайта пайымдауға болатынын көрсетеді (Пэрлээ, 1975: 8–24). Осы тұрғыда қазақ таңбалары көшпелі дүниенің біртұтас визуалды-коммуникативтік жүйесінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде сипатталады.

Автор келтірген сандық деректердің ішінде қазақ және моңғол таңбалары арасындағы типологиялық ұқсастықтың анықталуы ерекше назарымызды аударады (Пэрлээ, 1975: 63). Бұл олардың құрылымдық жақындығының жоғары деңгейін және біртұтас орталықазиялық белгілер кеңістігіне кіретінін дәлелдейді. Мұндай сәйкестіктер ұзаққа созылған тарихи-мәдени байланыстардың, этносаралық ықпалдастықтың, сондай-ақ таңба формаларының терең тамырлас сипатының нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Х. Пэрлээ таңбаның функционалдық мәніне де айрықша көңіл бөледі. Оның пікірінше, таңба – бір жағынан рулық тиесілікті білдіретін белгі, екінші жағынан меншік, әсіресе малға қатысты иелік белгісі, сонымен қатар әлеуметтік сәйкестендіру құралы. Бұл үштік қызмет көшпелі қоғамдарға тән әмбебап сипатқа ие және қазақтардың таңба қолдану дәстүрінде де айқын көрініс табады (Пэрлээ, 1975: 10–11).

Осы бағыттағы зерттеулердің жалғасы ретінде арнайы еңбектердің пайда болуы заңды құбылыс. Қазіргі таңда Моңғолия қазақтарының таңбаларына арналған бірегей зерттеулердің бірі – Г. Золбаяр, Х. Еділхан және Б. Өмірбектің «Баян-Өлгий аймағының үндэстэн, ястны эдийн соёл» атты еңбегі (Золбаяр и др., 2011). Бұл жұмыстың эмпирикалық негізі 2006–2008 жж. жүргізілген қазақ-моңғол тарихи-мәдени экспедициясы барысында жиналған материалдарға сүйенеді. Ұсынылып отырған мақала авторларының бірі аталмыш экспедиция құрамында болғандықтан, Моңғолия қазақтарының таңбалары бойынша далалық материалдарды жинастыруда Х. Еділханның еңбегі зор болғанын растайды.

Аталған зерттеуде ен-таңба дәстүрі оқшау қарастырылмай, Батыс Моңғолия қазақтарының материалдық мәдениеті мен шаруашылық тәжірибесімен, әсіресе малды таңбалау жүйесімен байланыста талданады. Авторлар тәжірибеде екі түрлі белгі – таңба және ен айқын ажыратылатынын көрсетеді. Екеуі бір жүйе аясында қолданылғанымен, мағынасы мен қызметі жағынан ерекшеленеді: таңба рулық тиесілікті білдіретін тұрақты белгі болса, ен – малды жедел ажыратуға арналған икемді жеке немесе шаруашылық белгісі. Зерттеуде еннің комбинациялық мүмкіндіктері кең екені көрсетіледі. Бір белгі оның орналасуына (құлақтың оң немесе сол, алдыңғы немесе артқы бөлігіне), сондай-ақ қайталану санына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, бір құлаққа бірнеше рет салынған ен алты түрлі нұсқаға дейін жетсе, екі құлаққа салынған жағдайда он екі нұсқаға дейін көбейеді. Бұл жүйенің жоғары комбинаторлық мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен қатар таңба мен енді қатар қолдану тәжірибесі де кең таралған, бұл әртүрлілікті арттырып, белгілердің қайталануын болдырмайды. Авторлар таңбалардың формалық алуандығын да жан-жақты сипаттайды. Қазіргі таңбалар құрамына көне рулық белгілермен қатар, олардың түрлі өзгерістері де кіреді; олар сызық қосу, бұру, біріктіру, сондай-ақ кирилл және латын әріптері мен цифрларын енгізу арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде күрделі әрі өзгермелі жүйе қалыптасып, бір ғана таңбаның ондаған нұсқасы болуы мүмкін. Мысалы, садақ тәрізді таңбаның жиырмадан астам түрі анықталған (Золбаяр и др., 2011: 95–101).

Қазіргі таңбаларды тарихи және этнографиялық деректердегі көне нұсқалармен салыстыру барысында олардың бір бөлігі өзгеріссіз сақталғаны, ал кейбірі атауы мен мағынасы өзгерсе де, сабақтастығын үзбегені анықталған. Сонымен бірге көптеген таңбалар бастапқы мағынасының бір бөлігін жоғалтса да, халық санасында ата-баба мұрасы ретінде сақталып келеді.

Дегенмен, зерттеу негізінен сипаттамалық деңгейде жүргізілген. Авторлар белгілерді тіркеу мен жүйелеуге басымдық бергенімен, олардың теориялық түсіндірмесі мен семиотикалық талдауы жеткілікті дәрежеде дамытылмаған. Бұл таңба мен енді біртұтас

белгілер жүйесінің өзара байланысты деңгейлері ретінде тереңірек қарастыруға кедергі келтіреді.

Соған қарамастан, зерттеу еңбегі ғылыми тұрғыдан аса құнды, өйткені ол далалық материалдардың мол қорын ғылыми айналымға енгізеді. Атап айтқанда, нақты таңба және ең түрлері, олардың жергілікті ерекшеліктері мен қолданылу тәжірибелері кеңінен қамтылған. Деректер Моңғолиядағы қазақ таңбаларын кездейсоқ немесе жанама құбылыс емес, архаикалық элементтер мен заманауи өзгерістерді ұштастырған тірі әрі серпінді жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ұқсас тұжырымдар басқа зерттеулерде де көрініс табады. Мәселен, Н. Базылхан мен З. Самашевтің көне түркі таңбалары мен эпиграфикалық ескерткіштерге арналған еңбектері осы мәселеге тікелей арналмаса да, теориялық жағынан аса маңызды (Базылхан, 2005; Самашев и др., 2010; Самашев, 2013; Базылхан, 2014).

Аталған авторлар далалық материалдарға сүйене отырып, таңбалардың жазулы тас стелаларда, балбалдарда, мүсіндерде және басқа да сакралды нысандарда кең таралғанын көрсетеді. Бұл таңбалардың тек меншік белгісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және қасиетті мәні бар жүйенің элементтері болғанын айғақтайды.

Сонымен қатар бұл еңбектерде таңба қолданудың тарихи дамуы қарастырылады: оның бастау көздері сонау қола дәуірінің символдық жүйелерімен байланыстырылса, одан кейінгі кезеңдерде ол әлеуметтік жіктелу үдерістерімен ұштасады, ал көне түркі заманында таңбалар әлеуметтік-саяси құрылымның маңызды бөлігіне айналады.

Н. Базылхан еңбектерінде таңбалар жазба мәтіндермен бірге қарастырылып, ақпарат жеткізуші және күрделі белгілер жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар олардың жартастарда, мемориалдық кешендерде және басқа археологиялық нысандарда кең таралғаны атап көрсетіледі (Базылхан, 2009: 110–127).

Осылайша, З. Самашев пен Н. Базылхан еңбектері Моңғолия қазақтарының таңбаларына тікелей арналмаса да, оларды зерттеудің берік теориялық және әдіснамалық негізін қалыптастырады. Бұл зерттеулер таңбаларды кең археологиялық, тарихи және семиотикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін айқын көрсетеді.

Моңғолия қазақтарының таңбаларына қатысты қысқаша мәлімет беретін зерттеулердің қатарында белгілі этнограф Б. Кәмалашұлының еңбегін атауға болады. Автор жылқыға және түйеге белгі салуға қатысты бірқатар мәліметтер келтірген. Бұдан бөлек, «таңбалау» ертедегі жазалаудың бір түрі дей келе, адамға таңба басу жайлы қызықты дерек береді және кісіге басылатын таңбаны «нәлет таңба» деп айтатынын жеткізеді (Кәмалашұлы, 2013: 623, 640, 782).

Сондай-ақ аталмыш тақырып бойынша зерттеулерге мақала авторларының да қосқан үлесі бар (Самашев, 2019: 147–152; Samashev, 2021: 53–62; Syeitkhan, 2024: 1–387).

Қорыта айтқанда, қарастырылған зерттеулер жиынтығы Моңғолия аумағындағы таңбалардың жергілікті құбылыс емес, Еуразия көшпелі мәдениеттеріне ортақ, тарихи тұрғыдан қалыптасқан және көпқабатты белгілер жүйесінің құрамдас бөлігі екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Моңғолиядағы қазақтар негізінен Баян-Өлгей мен Қобда аймақтарын мекендейді. Бұл жерлер Алтай тауларының сілемдерімен, қуаң континенттік климатымен, биік таулы жайылымдарымен және көшпелі мал шаруашылығына қолайлы табиғи ортасымен ерекшеленеді. Әсіресе Баян-Өлгей өңірі Моңғолия қазақтарының тарихи-мәдени орталығы ретінде қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салты, тілі, киім үлгілері мен шаруашылық тәжірибесі көбірек сақталғанын соңғы зерттеулер дәлелдейді.

Аймақ халқының негізгі күнкөріс көзі – мал шаруашылығы. Қазақтар табиғи ортаға бейімделген көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып, маусымдық қоныс ауыстыру дәстүрін бүгінге дейін жалғастырып келеді. Олар қысқы қыстау, көктемгі көктеу, жазғы жайлау және күзгі күзеу арасындағы қозғалыс арқылы малдың күйін сақтап, табиғи жайылымды тиімді пайдаланған. Биік таулы жайлауларда жаз айларында қой, ешкі, сиыр,

жылқы және түйе өсірілсе, қыс мезгілінде ықтасын аңғарлар мен өзен бойларындағы қыстаулар паналанады.


Төрт түлік ішінде қой мен ешкі саны басым болғанымен, жылқы қазақтардың тұрмысында ерекше орын алады. Жылқы көлік құралы ғана емес, әлеуметтік мәртебенің, еркіндіктің және көшпелі мәдениеттің символы ретінде бағаланған. Сонымен қатар ірі қара мен түйе де шаруашылықта маңызды рөл атқарып, тұрмыстық қажеттілікке, жүк тасымалына және сүт өнімдерін өндіруге пайдаланылған. Мал өнімдерінен ет, сүт, құрт, ірімшік, май, қымыз сияқты дәстүрлі тағамдар дайындалып, отбасының негізгі азықтық қорын құраған.

Осындай мал шаруашылығына негізделген өмір салты қазақтардың меншік қатынастары мен этномәдени тәжірибелерінде де көрініс тапқан. Соның бірі – төрт түлікке ен салу мен таңба басу дәстүрі. Моңғолия қазақтары арасында, әсіресе Баян-Өлгей қазақтарының малға салатын ен-таңбалары ғылыми айналымға көбірек енгізілген. Малдың саны көп, жайылымдардың ортақ әрі кең болуы себепті, араласып кеткен малды ажырату үшін әр әулет, ру немесе отбасы өзіне тән таңба мен ен қолданған. Таңба көбіне жылқы мен ірі қараның терісіне күйдіріліп басылса, ен құлаққа арнайы ойық салу, тілу немесе кесу тәсілдері арқылы белгіленген.

Бұл таңба-белгілердің басты қызметі – малдың иесін анықтау ғана емес, сонымен қатар отбасының, әулеттің немесе рудың әлеуметтік-мәдени бірегейлігін көрсету. Кей жағдайларда таңба ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, белгілі бір әулеттің тарихи белгісі ретінде сақталған. Сондықтан ен-таңбалар тек шаруашылық қажеттілік емес, қазақтардың этнографиялық жадын, меншік мәдениетін және көшпелі өркениет тәжірибесін айқындайтын маңызды мәдени феномен ретінде қарастырылады.

Бұған қоса, Моңғолия қазақтарының тұрмысында аңшылық, әсіресе бүркітпен аң аулау дәстүрі де ерекше орын алады. Алтай өңірінің табиғи жағдайына бейімделген бұл кәсіп қазақтардың дүниетанымымен, ер азамат тәрбиесімен және салттық мәдениетімен тығыз байланысты. Осылайша Баян-Өлгей мен Қобда қазақтарының өмір сүру ортасы, шаруашылық жүйесі мен этнографиялық ерекшеліктері табиғатпен етене байланыста дамып, бүгінгі күнге дейін өзіндік мәдени тұтастығын сақтап отыр.

Баян-Өлгей аймағында кездесетін малға басылатын ру таңбалары (1-сур.) келесідей: Алтай сұмыны – Ителі, Жантекей (Хангелді) және Төре; Алтанцөгц сұмыны – Шеруші, Жантекей (Тасбике); Баяннуур сұмыны – Жәдік, Қарақас, Жантекей (Базарқұл, Хангелді, Ботақара); Бугат сұмыны – Найман; Бұлғын сұмыны – Жантекей (Базарқұл Тайлақ), Ителі; Буянт сұмыны – Шыбарайғыр; Дэлүүн сұмыны – Қарақас, Жантекей (Ботақара), Молқы (Қошақ, Бұтабай); Ногооннуур сұмыны – Жантекей (Секел), Ителі, Жәдік, Шеруші; Сагсай сұмыны – Шеруші (Бақат); Толбо сұмыны – Шыбарайғыр, Жантекей (Ботақара); Улаанхус сұмыны – Шеруші, Жантекей, Ителі, Уақ; Цэнгэл сұмыны – Жантекей (Саңырау), Найман (Бура) руларының таңбалары (Золбаяр и др., 2011: 105–107).



1-сур. Баян-Өлгей аймағында кездесетін малға басылатын ру таңбалары.

Құрастырғандар: С. Самашев, М. Половцев

(Fig. 1. Clan tamgas used for livestock marking in Bayan-Ölgii aimag. Compiled by: S. Samashev, M. Polovtsev)

Бұл таңбалар В.В. Востров, М.С. Мұқанов, Х. Арғынбаев еңбектерінде келтірілген Орта жүз қазақтарының керей, найман, уақ руларының таңбаларымен сәйкес келеді (Востров, Муканов, 1968: 59, 65–66, 80; Муканов, 1974: 37, 45–46, 67; Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000: 177, 194, 210–211). Бір қызығы, Х. Пэрлээ Моңғолия қазақтарының малға басатын ен-таңбалары мен моңғолдың қарапайым малшылары қолданатын белгілердің арасында 71 ұқсастықтың бар екендігін атап өткен (Пэрлээ, 1975: 63). Бұны Орталық Азиядағы тайпалардың бір бөлігі XIII ғ. дейін түркі-моңғол аралас этномәдени ортада өмір сүріп, кейбірі кейін қазақ, моңғол, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, ноғай тәрізді бірнеше халықтың құрамына еніп кеткендігімен түсіндіруге болады деп санаймыз. Яғни, қазақ-моңғол таңбалары арасындағы тамырластық түркі дәуіріндегі этникалық үдерістерге барып тіреледі.

Бүгінде Моңғолия қазақтарының таңба қолдану дәстүрінде малды белгілеудің екі негізгі түрі ажыратылады: таңба және ен. Таңба әдетте, сиыр мен жылқының жамбасына, иығына немесе басқа да дене бөліктеріне қыздырылған арнайы темір құралмен басылады, ал ен ұсақ малдың, сондай-ақ жылқы мен сиырдың құлағына кесу немесе тілу арқылы түсіріледі. Еннің орналасу ерекшеліктері мен орындалу тәсілдерінің (тілік, ойық, қиық және т. б.) алуан түрлілігі оның вариативтілігін арттырып, малды даралаудың тиімділігін күшейтеді. Сонымен қатар кейбір жағдайларда таңба иесінің есімінің бастапқы әрпімен белгіленіп, графикалық жүйеге әріптік элементтердің енгізілгенін көрсетеді. Бұл құбылыс таңба жүйесінің дәстүрлі негізін сақтай отырып, өзгертмелі әлеуметтік жағдайларға бейімделетінін аңғартады. Таңбалар қатарында ортағасырлық рулық белгілермен бірге кейінгі кезеңде қалыптасқан әріптік және цифрлық таңбалардың болуы осы үдерісті айғақтайды.

Төменде қазіргі уақытта Баян-Өлгей қазақтарының арасында сақталған төрт түлік малды таңбалау мен ен салуға жеке-жеке тоқталып өтейік.

Мал таңбалау – Моңғолия қазақтарының дәстүрлі шаруашылық мәдениетінде маңызды орын алатын этнографиялық құбылыстардың бірі. Моңғолия қазақтары таңбаны төрт түлік малдың барлығына – жылқы, сиыр, қой, ешкі және түйеге салады. Бұл жағынан алғанда

олардың тәжірибесі Қазақстандағы қазақ малшыларының дәстүрімен үндес келеді. Дегенмен Моңғолиядағы қазақтардың табиғи-географиялық ортасы, көшпелі өмір салты және ру-әулеттік қатынастар жүйесі таңба мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сақтап қалуына ықпал еткен.

Этнографиялық тұрғыдан алғанда, мал таңбалау көшпелі қоғамдағы меншік қатынастарын реттеудің көне әрі сенімді тәсілі ретінде қалыптасқан. Кең жайылымдарда еркін жайылған малдың араласып кетуі табиғи құбылыс болғандықтан, әр отбасы, әулет немесе ру өз малына айрықша белгі – таңба салған. Таңба малдың иесін анықтап қана қоймай, көшпелі қоғамдағы әлеуметтік тәртіптің, шаруашылық жауапкершіліктің және меншік мәдениетінің көрсеткіші саналған.

Моңғолия қазақтары арасында таңба көбіне жылқы мен ірі қараға қыздырылған темір арқылы күйдіріліп басылады. Мұндай таңбалар малдың жамбасына, санына, қабырғасына немесе мойын тұсына түсіріледі. Күйдіру арқылы түсірілетін таңбалар технологиялық тұрғыдан екі түрге бөлінеді: жүнге түсірілетін «жүн таңба» және теріге басылатын «ет таңба». Таңба басатын құралды «таңбатемір» деп атайды. Қазақстан аумағында да бұл құралдың таңбатемір деп аталатыны туралы дерек бар, кейбір мәліметтерде «дақ» деген нұсқасы да кездеседі (Золбаяр и др., 2011: 96; Кәмалашұлы, 2013: 623; Қазақтың этнографиялық категориялар... 5 том, 2017: 306; Ажигали, 2002: 456).

Қой мен ешкіге көбіне құлақ ендері салынады. Ен салу – құлақты кесу, тесу, ойық түсіру, үшкірлеу, жару сияқты арнайы тәсілдер арқылы жүзеге асады. Әр әулеттің ен үлгісі өзгеше болып, ол бір қарағанда-ақ малдың қай шаңыраққа тиесілі екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеулер барысында қолымызға көрнекті ғалым Базылхан Бұхатұлының 1962–1990 жж. аралығында өзі басқарған арнайы ғылыми іссапар мен экспедиция барысында жинақтаған Алтай қазақтарының этнографиясына байланысты қолжазбасының 3-4 беті тиді. Б. Бұхатұлы 1990 ж. «Моңғолиядағы қазақтардың этнографиясы» атты монографиялық еңбегінің қолжазбасын тамамдағанымен, өкінішке қарай бұл еңбек әлі күнге жарық көрмеді. Аталмыш қолжазбаның қолымызға түскен беттерінде түйенің қамшылар жақ, мінер жақ санына, жағына басылатын «ай таңба» - , жылқының қамшылар жақ, мінер жақ санына басылатын «нәлі таңба» - , қой-ешкінің оң жақ, сол жақ құлағына, жағына басатын «көлденең таңба» -  туралы деректер берілген. Сондай-ақ, Керейдің Шеруші тобының Құрман бөлімінің  таңбасы туралы да айтылған (Базылхан, 1990). Соңғысы «төре таңба» атауымен Моңғолия қазақтары арасында әлі күнге қолданылып келеді.

Мал таңбалау дәстүрінде соңғы кездері таңба ретінде иесінің есімінің алғашқы әрпі қолданылып, графикалық жүйеге әріптік элементтер енгізіле бастағаны байқалады. Мәселен, жылқының иесі «Ө» әрпімен басталатын есімді кісі болса, оның жылқысына «Ө» әрпі түріндегі таңба басылады. Жылқының иесі Өндіріс есімді адам болғандықтан (дерек кісі І), оның барлық жылқыларының жамбасында «Ө» таңбасы болады (2-сур.).



2-сур. Жылқының жамбасына басылған кирилл әліпбиіндегі «Ө» әрпі пішініндегі таңба. Моңғолия, Дэлүүн сұмыны, Төңірек жайлауы. Фото: Ш. Сейітханұлы

(Fig. 2. Tamga in the form of the Cyrillic letter "Ө" applied to a horse's leg. Mongolia, Delüün district, Töñirek summer pasture. Photo: Sh. Syeitkhan)

Бұл құбылыс дәстүрлі таңбалау жүйесінің уақыт талабына сәйкес бейімделуін айғақтайды. Сонымен қатар мұндай тәжірибе таңбалардың тек рулық немесе қауымдық белгі ғана емес, жеке меншік деңгейіндегі белгі ретінде де қызмет атқара бастағанын көрсетеді (Syeitkhan, 2024: 164). Сатып алынған немесе қалыңмал ретінде берілген жылқыларға бұрынғы таңбаның жанына жаңа иесінің белгісі қосымша басылады. Бұл тәсіл малдың иелік тарихын белгілеуге мүмкіндік береді және оның құқықтық мәртебесін нақтылауға қызмет етеді.

Б. Бұхатұлы сиырға таңба баспайды деп көрсеткен. Дегенмен Моңғолия қазақтарының қолға үйретілген жабайы сиырлары – кодастардың (сарлықтардың) арасында танауына таңба басылғандарын көптеп кездестірдік және бұзауларға иесінің атының алғашқы әрпін (дерек кісі II) танауына таңба етіп басу сәтіне куә болдық (3-сур.).



3-сур. Бұзаулардың танауына басылған кирилл әліпбиіндегі «П» және «С» әріптері пішіндегі таңбалар.


Моңғолия, Дэлүүн сұмыны, Қарағайтақта жайлауы. Фото: Ш. Сейітханұлы

(Fig. 3. Tamgas in the form of the Cyrillic letters "П" and "С" applied to the noses of calves. Mongolia, Delüün district, Karagaitahta summer pasture. Photo: Sh. Syeitkhan)

Моңғолия қазақтары мал таңбалауды негізінен көктем немесе жаз мезгілінде жүзеге асырады. Бірақ күйдіріп басқан жері құрт түспей тез жазылуы үшін шыбынсыз уақытты таңдап алуға тырысады.


Негізгі таңба түрлері геометриялық және символдық сипатта келеді. Олардың арасында ай тәрізді, крестке ұқсас, сызықтық, сақина, тарақ, балта, тұмар, айыр, мүйіз бейнесіне ұқсас таңбалар кездеседі. Кейбір таңбалар ру аттарымен немесе белгілі бір тарихи тұлғалармен байланыстырылады. Мысалы, әулет ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, өзгеріссіз сақталатын таңбалар болады. Осы арқылы таңба тек шаруашылық белгі емес, әулеттік сабақтастықтың, тарихи жадтың және туыстық қатынастың символына айналады.

Малға ен салу. «Ен» төрт түліктің таңбасына қосымша салынатын белгі, оны таңбаға қосарлап ен-таңба деп атайды (Қазақтың этнографиялық категориялар... 2- том 2017: 153). Б. Бұхатұлының жоғарыда аталған қолжазбасында Керейдің Жантекей тобының Ботақара бөлімі жылқының қамшылар жақ алдына «қиық ен» салған деп көрсетеді (4-сур.).




4-сур. Жылқы құлағына салатын «қиық» ен. Сурет: Б. Бұхатұлы
(Fig. 4. The "qiyq" ear mark applied to a horse's ear. Figure: B. Bukhatuly.)

Сондай-ақ автор осы Ботақара бөлімі қой-ешкінің құлағына ойық, тілік, қиық ендер салған дей келе 5 түрлі еннің үлгісін келтіреді. Қамшылар жақ құлағына салынатын еннің үш түрін атайды: 1) алдынан ойық, артынан ойық; 2) алдынан тілік, артынан тілік; 3) алдынан қиық, артынан қиық. Мінер жақ құлағына салынатын еннің екі түрін атайды: 1) алдынан ойық, артынан ойық; 2) алдынан тілік, артынан тілік (5-сур.).



5-сур. Қой-ешкіге салынатын ен түрлері. Сурет: Б. Бұхатұлы
(Fig. 5. Types of ear marks used for sheep and goats. Figure: B. Bukhatuly)

Б. Бұхатұлының айтуынша Керейдің Жәдік бөлімі малдың қамшылар жақ құлағына алдынан қиық ен салады (6-сур.).



6-сур. Керей руының Жәдік бөлімінің малға салатын ен түрі. Сурет: Б. Бұхатұлы
(Fig. 6. Type of livestock ear mark used by the Jädik branch of the Kerei tribe. Figure: B. Bukhatuly.)

Қазіргі уақытта Монғолия қазақтарында жылқының құлағына салатын еннің бірнеше түрі кездеседі, олардың ішінде «тілік», «кез», «солақ», «ойық» (7-сур.), «қиық» сияқты нұсқалар кең таралған. Мысалы, Баян-Өлгей аймағының Дэлүүн сұмынындағы Молқы (Қошақ) руы жылқыға тілік немесе қиық √ √ ен қолданса, Қарақастар оң құлағының артынан ойық ен √ √ қолданады (дерек кісі III).

Бұл белгілер құлақтың белгілі бір бөлігін кесу немесе тілу арқылы жасалып, өзара морфологиялық айырмашылықтары арқылы ерекшеленеді. Еннің орналасу ерекшеліктері (оң немесе сол құлақ, алдыңғы немесе артқы бөлігі) мен олардың комбинациялары таңбалау жүйесінің вариативтілігін арттырып, әрбір малды дәл сәйкестендіруге мүмкіндік береді (Syeitkhan, 2024: 164).



7-сур. Жылқының оң құлағына салынған ойық ен.
Моңғолия, Дэлүүн сұмыны, Төңірек жайлауы. Фото: Ш. Сейітханұлы
(Fig. 7. Notched earmark (en) applied to the right ear of a horse.
Mongolia, Delüün district, Töñirek summer pasture. Photo: Sh. Syeitkhan)

Қой-ешкіге салынатын ен-таңбаларға келер болсақ (8-сур.), Моңғолия қазақтарында әр рудың малына салатын өзіне тән ендері бар, ал рулас немесе туыстас адамдар атадан жалғасқан үлгіні негізге ала отырып, оған қосымша белгілер енгізу арқылы малын өзара ажыратып алады. Қолданылатын ен түрлері көп емес: ойық ен, тілік ен, қиық ен, кез ен,

құмырсқа ен, сыдырғы ен. Бұл белгілер малдың құлағының алдыңғы және артқы бөліктеріне қатар салына береді.

Қой құлағына салынатын ен бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қойдың екі құлағының алдыңғы жағынан салынатын «тілік» ʃ ʃ ен;
2. Құлақтың алдыңғы жағынан түсірілетін «ойық» ʃ ен;
3. Құлақтың алдыңғы жағынан «сыдырғы» немесе «солақ» ʃ ʃ, ал артқы жағынан «ойық» ен салу.



8-сур. Қой құлағына салынған ен түрлері. Моңғолия, Дэлүүн сұмыны. Фото: Ш. Сейітханұлы
(Fig. 8. Types of earmarks (en) applied to sheep: Mongolia, Delüün district. Photo: Sh. Syeitkhan)

Моңғолияда жүргізілген далалық зерттеулер барысында қазақтардың кей жағдайда қойдың екі құлағына да ен салатыны бірнеше рет тіркелді. Мәселен, қойдың сол құлағына «құмырсқа ен», ал оң құлағына «тілік ен» салынған. Әдетте ешкі мен қой өрісте бірге жайылғандықтан, оларға бірдей ен-таңба қолданылады. Сондықтан қозыларға салынған ен-таңба дәл сол күйінде лақтарға да салынады (9-сур.). Кейбір жағдайларда ешкінің мүйіздеріне түрлі түсті бояулар жағу дәстүрі де кездеседі (Syeitkhan, 2024: 173–174).



9-сур. Ешкі құлағына салынған ен-таңбалар. Моңғолия, Дэлүүн сұмыны, Төңірек жайлауы. Фото: Ш. Сейітханұлы
(Fig. 9. Earmarks (en-tamga) applied to a goat's ear. Mongolia, Delüün district, Töñirek summer pasture. Photo: Sh. Syeitkhan)

Б. Бұқатұлы сиыр мен түйеге қой-ешкінің ені салына береді деп жазады. Біздің көргеніміз де ғалымның бұл пікіріне сәйкес келеді.

Ен-таңба құлындардың құлақтарына әдетте 3–5 айлық кезінде, жаздың соңы, яғни тамыз–қыркүйек айларында салынады. Моңғолия қазақтарының түсінігінде аптаның кез келген күні ен-таңба салуға қолайлы деп есептеледі. Алайда Қазақстан аумағындағы малшылар ен-таңбаны мал түгел төлдеп болып, жас төлдер пышақ көтеретін болып шираған

кезде, яғни жаздың басында сәрсенбінің сәтті күнінде немесе бейсенбі күні салатындығы жөнінде мәліметтер кездеседі (Арғынбаев, 1969: 32).

Қозы-лаққа салынатын ен-таңба көктемде, негізінен мамыр–маусым айларында салынады. Бұл кезеңде жайлауда бірнеше ауылдың малы араласып жайылатындықтан, оларды ажырата білу қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты ен-таңба салу міндетті сипатқа ие болып, малды танудың негізгі тәсілі ретінде қызмет атқарады. Бұзауларға ен-таңба 3–6 айлық кезінде салынады. «Ен» төлдің оң және сол құлағына, ал «таңба» мұрнына басылады. Ен-таңба салу үдерісінде бұзауды жерге жығып, аяқтарын буып байлайды. Алдымен танауына таңба басылып, кейін құлағына ен салады. Егер құлақтан қан көп ағатын болса, ыстық таңбатемірмен күйдіру арқылы тоқтатылады (Syeitkhan, 2024: 165–166, 172).

Моңғолия қазақтарының таңбалары ғана емес, малға салатын ен түрлері де моңғолдарда кездесетін ен-таңбаларға ұқсас. Бұл жөнінде Х. Пэрлээ малдың құлағына салынатын ен-таңбаның негізгі үлгілері көшпелі халықтар арасында бірдей болып келеді деп келтіреді (Пэрлээ, 1995: 230–231). Бұл жерде «ен салу» дәстүрі тек қазақтар мен моңғолдарда ғана емес, барша түркі халықтарында кездесетін ортақ құбылыс екенін айта кеткен жөн (Самашев, 2019: 147–153).

Моңғолия қазақтарының мал шаруашылығы жартылай көшпелі сипатта болғандықтан, таңбалау жүйесі ерекше маңызға ие. Жазғы жайлауда немесе қысқы қыстауда әртүрлі әулеттердің малы бірге жайылып, кейде жүздеген, тіпті мыңдаған мал араласып кетуі мүмкін. Осындай жағдайда таңба мен ен даулы мәселелерді шешудің құқықтық әрі моральдық тетігі ретінде қызмет етеді. Мал жоғалғанда, ұрланған жағдайда немесе иесі белгісіз мал табылған кезде, таңба иелік дәлелі ретінде қаралады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Моңғолия қазақтарының ен-таңбалары – тарихи сабақтастықты, әлеуметтік құрылымды және мәдени жадыны сақтайтын маңызды элементтердің бірі. Сондықтан да ен-таңбаларды тек шаруашылықта қолданылған тәжірибе ретінде ғана зерттеу жеткіліксіз, оларды сондай-ақ көпфункционалды белгілер жүйесі ретінде қарастыруымыз керек.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ен мен таңба – өзара байланысты болғанымен, қызметі жағынан екі түрлі жүйе. Таңба көбіне тұрақты, тарихи жалғастықты сақтайтын белгі ретінде көрінеді. Ол ру, әулет, шыққан текті білдіретін символдық мәнге ие. Ал ен – күнделікті шаруашылыққа бейімделген, өзгермелі әрі икемді белгі. Оның басты қызметі – малды ажырату, сәйкестендіру.

Жануарлардың денесіне белгілі бір тәртіппен ен салу және әртүрлі комбинацияларды қолдану арқылы малды дәл тану мүмкіндігі артатыны анықталған. Бұл – дәстүрлі мал шаруашылығында қалыптасқан тиімді практикалық жүйе.

Сонымен қатар, қазіргі қолданыстағы таңбалардың құрамында көне рулық белгілер сақталғаны байқалады. Бірақ олар уақыт өте келе өзгеріп, жаңа элементтермен – әріптермен, цифрлармен толыққан. Бұл таңба жүйесінің өзгермейтін емес, керісінше тарихи жағдайларға бейімделіп отыратын динамикалық құбылыс екенін дәлелдейді.

Таңбалардың атаулары мен мағыналары да уақыт өте өзгеріске ұшырап отырған. Бұл олардың тек белгі емес, мағынасы дамып отыратын семантикалық жүйе екенін көрсетеді.

Әртүрлі түлікке (жылқы, сиыр, қой-ешкі) таңба салу тәсілдерінің ерекшеленуі де маңызды. Бұл айырмашылықтар жануарлардың табиғи ерекшеліктерімен және шаруашылықтағы рөлімен тікелей байланысты. Демек, таңба жүйесі тек мәдени дәстүр емес, сонымен қатар нақты экологиялық және шаруашылық жағдайларға бейімделген құрал. Сондықтан Моңғолия қазақтарындағы мал таңбалау дәстүрі шаруашылық тәжірибесін, меншік ұғымын, ру-әулеттік құрылымды, құқықтық нормаларды және көшпелі дүниетанымды өз бойына тоғыстырған күрделі этнографиялық институт ретінде қарастырылады және оны тек шаруашылық жағынан емес, семиотикалық, тарихи және мәдени тұрғыдан кешенді, пәнаралық бағытта зерттеу қажет.

Informants

- I. Öndiris Qauaniyaüly, born in 1984, resident of Delüün sum, Bayan-Ölgii aimag, Mongolia. Clan affiliation: Kerei (Molqy).
- II. Partizan Ajiyqūly, year of birth unknown, deceased, resident of Delüün sum, Bayan-Ölgii aimag, Mongolia. Clan affiliation: Kerei (Qaraqas).
- III. Seyitkhan Ajiyqūly, born in 1951, resident of Delüün sum, Bayan-Ölgii aimag, Mongolia. Clan affiliation: Kerei (Qaraqas).

Ақпарат берушілер

- I. Өндіріс Қауанияұлы 1984 ж. т., Моңғолия, Баян-Өлгей аймағы, Дэлүүн сұмынының тұрғыны. Руы: Керей (Молқы).
- II. Партизан Ажықұлы, 1947 ж. т., бертінде дүние салды, Моңғолия, Баян-Өлгей аймағы, Дэлүүн сұмынының тұрғыны. Руы: Керей (Қарақас).
- III. Сейітхан Ажықұлы 1951 ж. т., Моңғолия, Баян-Өлгей аймағы, Дэлүүн сұмынының тұрғыны. Руы: Керей (Қарақас).

References

- Ajġali, 2002 — *Ajġali S. E. Arhitektura kočevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii (pamâtniki Aralo-Kaspijskogo regiona)* (Architecture of Nomads as a Phenomenon of the History and Culture of Eurasia (Monuments of the Aral-Caspian Region)). Almaty: Gylym, 2002. 654 p. (In Russ.).
- Arġynbaev, 1969 — *Arġynbaev H. Qazaqtyñ mal şaruşaşylyġy jaiynda etnografıyalyq ocherk* (Ethnographic Essay on Kazakh Animal Husbandry). Almaty: Qazaq SSR-nen "Ėylym" baspasy, 1969. 169 p. (In Kaz.).
- Buhatūly, 1990 — *Buhatūly B. Moñġoliyadaġy qazaqtardyñ etnografıyasy* (Ethnography of the Kazakhs in Mongolia). Manuscript. 1990. Pages not indicated. (In Kaz.).
- Bazylhan, 2005 — *Bazylhan N. Köne türik bitiktastary men eskertkişteri: Orhon, Enisei, Talas* (Ancient Turkic Inscriptions and Monuments: Orkhon, Yenisei, Talas). Vol. 2. Almaty: Daik Press, 2005. 252 p. (In Kaz.).
- Bazylhan, 2009 — *Bazylhan N. Köne türik bitiktastary men eskertkişteri: tarihi-derektanulyq taldaular* (Ancient Turkic Inscriptions and Monuments: Historical and Source Studies Analysis). *Türkologiya*. 2009. No. 1–2(39–40). P. 110–127. (In Kaz.).
- Bazylhan, 2014 — *Bazylhan N. Rekonstruktsiya i etimologiya nekotorykh nazvaniy tamg tyurko-mongol'skikh etnosov VIII–XIV vv. (Reconstruction and Etymology of Certain Tamga Names of Turkic-Mongolian Ethnic Groups of the 8th–14th Centuries)*. In: *Problemy izucheniya nematerial'nogo kul'turnogo naslediya narodov Kazakhstana i Tsentral'noy Azii: toponimika, epigrafika, iskusstvo: materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii* (Problems of Studying the Intangible Cultural Heritage of the Peoples of Kazakhstan and Central Asia: Toponymy, Epigraphy, Art: Proceedings of the International Scientific Conference). Almaty: EVO PRESS, 2014. P. 195–206. (In Russ.).
- Zolbayar et al., 2011 — *Zolbayar G., Edilhan H., Ömirbek B. Bayan-Ölgiy aimgiin ündesten, yastny ediyen soyol* (Material Culture of Ethnic Groups of Bayan-Ölgii Aimag). Ulaanbaatar, 2011. 134 p. (In Mong.).
- Itogi Vserossiyskoy perepisi, 2020 — *Itogi Vserossiyskoy perepisi naseleniya 2020 goda*. Tom 5. Natsional'nyy sostav i vladenie yazykami. Tablitsa 1. Natsional'nyy sostav naseleniya po munitsipal'nym obrazovaniyam Respubliki Altay (Results of the All-Russian Population Census 2020. Vol. 5. Ethnic Composition and Language Proficiency. Table 1. Ethnic Composition of the Population by Municipalities of the Altai Republic). Available at: Rosstat (access date: 03. 04. 2024). (In Russ.).
- Kämalashūly, 2013 — *Kämalashūly B. Qazaq halqynyñ salt-dästürleri* (Traditions and Customs of the Kazakh People). Ulaanbaatar, 2013. 850 p. (In Kaz.).
- Qazaqtyñ etnografıyalyq kategorıyalar, 2017 — *Qazaqtyñ etnografıyalyq kategorıyalar, üġymdar men ataularynyñ дәstürli jüiesi* (Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Terms). Entsiklopediya. Ed. by N. Älimbai. Vol. 5: G–Z. Almaty: TOO Alem Damu Integratsiya, 2017. 848 p. (In Kaz.).
- Qazaqtyñ etnografıyalyq kategorıyalar, 2017 — *Qazaqtyñ etnografıyalyq kategorıyalar, üġymdar men ataularynyñ дәstürli jüiesi* (Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Terms). Entsiklopediya. Ed. by N. Älimbai. Vol. 2: P–Ya. Almaty: LLC Alem Damu Integratsiya, 2017. 816 p. (In Kaz.).
- Qinayatūly, 2001 — *Qinayatūly Z. Moñġoliyadaġy qazaqtar* (Kazakhs in Mongolia). Almaty, 2001. 320 p. (in Kaz)
- Mongol ulsyn statistik, 2024 — *Mongol ulsyn niigem, ediyen zasgiin taniltsuulga 2019–2023* (Mongolia: Social and Economic Development 2019–2023). Ulaanbaatar, 2024. 324 p. (In Mong.).
- Pärlee, 1975 — *Pärlee H. Mongol tümenii garlyg tamgaar khaij sudlakh ni: tüükh-ugsaatny züin turshits sudalgaa* (Studying the Origins of Mongolian Peoples through Tamgas: An Experimental Historical-Ethnographic Study). Ulaanbaatar: ShUAH, 1975. 270 p. (In Mong.).
- Samashev, 2013 — *Samashev Z. Drevnetyurkskaya grafika* (Ancient Turkic Script). Astana: Prosper Print, 2013. 316 p. (In Russ.).
- Samashev et al., 2010 — *Samashev Z., Bazylhan N., Samashev S. K. Drevnetyurkskie tamgi* (Ancient Turkic Tamgas). Almaty: Abdi kompani, 2010. 168 p. (In Russ.).
- Samashev, 2019 — *Samashev S. Q. Türkı halyqtaryndaġy "en salu" дәstüri turaly* (On the Tradition of Ear Marking among Turkic Peoples). In: *Arheologiya: ötkemi, бүgini, bolaşaġy: 1-shi halyqaralyq jas ġalymdar ġylymi-ädistemelik*

konferentsiyasynyň materialdary (Archaeology: Past, Present and Future: Proceedings of the 1st International Scientific and Methodological Conference of Young Scholars). Almaty: Qazaq universiteti, 2019. P. 147–151. (In Kaz.).

Saray, 1991 — *Saray A.* Revolyutsiyadan bürýnғы qazaq halqy (The Kazakh People before the Revolution). Ölgii, 1991. 115 p. (In Kaz.).

Seyitkhan, 2019 — *Seyitkhan Sh.* Mongolyn nutagt suur“shsan kazakhuudyn nüüdlin on tsagiin asuudald (On the Chronology of Migration of Kazakhs Settled in Mongolia). Altaistics, Turcology, Mongolistics. 2019. No. 2. P. 119. (In Mong.).

Chislennost“ naseleniya, 2025 — *Chislennost“ naseleniya po otdel“nym etnosam na nachalo 2025 g.* (Population by Selected Ethnic Groups at the Beginning of 2025). Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Available at: Bureau of National Statistics of Kazakhstan (access date: 09. 04. 2026). (In Russ.).

Samashev, 2021 — *Samashev S. K.* Horse branding tradition among the Turks. Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of History. 2021. No. 4 (103). Pp. 53–62. DOI: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.06>.

Shen et al., 2024 — *Shen R., Jiang S., Cheng R., Zhuge J., Li X., Yao H., Zhang M.* Kazakh adults in Xinjiang have a prevalent obesity problem but a low prevalence of diabetes. BMC Public Health. 2024. Vol. 24 (1). P. 689. DOI: <https://doi.org/10.1186/s12889-024-18228-z>.

Syeitkhan, 2024 — *Syeitkhan Sh.* Türk ve Moğol coğrafyasında hayvan damgaları (Animal Tamgas in the Turkic and Mongolian World). Unpublished doctoral dissertation. Bursa Uludağ Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2024. 388 p. (In Turk.).

Әдебиет

Ажигали, 2002 — *Ажигали С.Е.* Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Ғылым, 2002. 654 с.

Арғынбаев, 1969 — *Арғынбаев Х.* Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1969. 169 б.

Бұхатұлы, 1990 — *Бұхатұлы Б.* Моңғолиядағы қазақтардың этнографиясы. Қолжазба. 1990 ж. Беттері көрсетілмеген.

Базылхан, 2005 — *Базылхан Н.* Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері: Орхон, Енисей, Талас. Алматы: Дайк Пресс, 2005. Т. 2. 252 б.

Базылхан, 2009 — *Базылхан Н.* Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері: тарихи-деректанулық талдаулар // Түркология. 2009. № 1–2 (39–40). 110–127 бб.

Базылхан, 2014 — *Базылхан Н.* Реконструкция и этимология некоторых названий тамг тюрко-монгольских этносов VIII–XIV вв. // Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство: матер. междунар. науч. конф. Алматы: EVO PRESS, 2014. С. 195–206.

Золбаяр и др., 2011 — *Золбаяр Г., Едилхан Г., Өмирбек Б.* Баян-Өлгий аймгийн үндэстэн, ястны эдийн соёл. Улаанбаатар, 2011. 134 х.

Итоги Всероссийской переписи, 2020 — *Итоги Всероссийской переписи населения 2020 года.* Том 5. Национальный состав и владение языками. Таблица 1. Национальный состав населения по муниципальным образованиям Республики Алтай. URL: <https://rosstat.gov.ru> (дата обращения: 03. 04. 2024).

Кәмалашұлы, 2013 — *Кәмалашұлы Б.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар: 2013. 850 бб.

Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017 — *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі* / Энциклопедия. Ғыл. ред.: Н. Әлімбай Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017. 5-том: Г-З. 848 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017 — *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі* / Энциклопедия. Ғыл. ред.: Н. Әлімбай Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017. 2-том: П-Я. 816 б.

Қинаятұлы, 2001 — *Қинаятұлы З.* Моңғолиядағы қазақтар. Алматы, 2001. 320 б.

Монгол улсын статистик, 2024 — *Монгол улсын нийгэм, эдийн засгийн танилцуулга 2019–2023.* Улаанбаатар, 2024. 324 х.

Пэрлээ, 1975 — *Пэрлээ Х.* Монгол түмний гарлыг тамгаар хайж судлах нь: түүх-угсаатны зүйн туршиц судалгаа. Улаанбаатар: ШУАХ, 1975. 270 х.

Самашев, 2013 — *Самашев З.* Древнетюркская графика. Астана: Prosper Print, 2013. 316 с.

Самашев и др., 2010 — *Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. К.* Древнетюркские тамги. Алматы: Абди компани, 2010. 168 с.

Самашев, 2019 — *Самашев С. Қ.* Түркі халықтарындағы «ен салу» дәстүрі туралы // Археология: өткені, бүгіні, болашағы: 1-ші халық. жас ғалым. ғыл. -әдіст. конф. матер., арнал. С. М. Ақынжановтың туғанына 80 ж. толуына. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 147-151 бб.

Сарай, 1991 — *Сарай А.* Революциядан бұрынғы қазақ халқы. Өлгий: 1991. 115 б.

Сейтхан, 2019 — *Сейтхан Ш.* Монголын нутагт суурьшсан казахуудын нүүдлийн он цагийн асуудалд // Altaistics, Turcology, Mongolistics. 2019. №2. С. 119.

Численность населения, 2025 — *Численность населения по отдельным этносам на начало 2025 г.* (Электронный ресурс). Бюро национальной статистики Республики Казахстан. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281562/>

(дата обращения: 09. 04. 2026).

Samashev, 2021 — *Samashev S.K.* Horse branding tradition among the Turks // Al-Farabi Kazakh National University. Bulletin of history. №4 (103). 2021. P. 53-62 <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.06>

Shen et al., 2024 — *Shen R., Jiang S., Cheng R., Zhuge J., Li X., Yao H., Zhang M.* Kazakh adults in Xinjiang have a prevalent obesity problem but a low prevalence of diabetes // BMC Public Health. 2024. Vol. 24 (1). P. 689. DOI: <https://doi.org/10.1186/s12889-024-18228-z>

Syeitkhan, 2024 — *Syeitkhan Sh.* Türk ve Moğol coğrafyasında hayvan damgaları. (Yayımlanmamış Doktora Tezi). Bursa Uludağ Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü: 2024. 388 s.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дёнингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҮСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ҒҒ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А. ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608
---	-----

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х. БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А. ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А. РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н. СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ» СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н. О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М. ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А. ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б. ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш. ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К. СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй